

2023-2024 оқу жылы
№ 7 арнайы түзету мектеп-интернаты
түзету пәні бірлестігінің атқарылған жұмыстарының
жылдық есебі

Түзету пәні бірлестігінде 4 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде:

жоғары санаттағы мамандардың жалпы саны – 1 (А. Даубаева);

II санаттағы мамандардың жалпы саны – 2 (А. Дилдабаева), (С. Қырданова);

Санаты жоқ мамандардың жалпы саны – 1 (Г. Сейтман)

Бірлестікте арнайы мамандандырылған 3 логопед және 1 дефектолог өз лауазымдық міндеттерін орындап келеді.

2023 жылдың 30 тамызында бекітілген Түзету пәні бірлестігінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді.

2023 жылдың 1-15 қыркүйек аралығында **125 оқушыға** зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, сөйлеу тіл кемістігі бар **70 оқушы** белгіленіп, тіл мүкістігін орын алу негізгі себептері анықталды.

Диагностдар	ЖТК I	ЖТК II	ЖТК III	Барлығы
Бала саны	41	17	12	70


Түзету пәні бірлестігінің жоспарының орындалуы,
өзара сабақтарға қатысуы

Түзету пәні бірлестігінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары 2023 жылдың 30 тамызында бекітілген.

Жұмыс жоспарындағы іс-шараларды іске асырудың мәселелері «Логопедия пәні бірлестігінің 2023-2024 оқу жылына арналған отырыстар жоспарына» (жоспар мектеп-интернат басшылығымен 2023 жылдың 15 қыркүйегінде бекітілді) сәйкес әр тоқсан сайын өткізілетін бірлестіктің отырыстарында қаралып, отырыстар хаттамалар ресімделді.

№7 арнайы түзету мектеп -интернатында 24.10.2023 жылы Арнайы мамандардың ұйымдастырумен “Үй жағдайында орындалатын жаттығулар” тақырыбында ата-аналарға кеңес беру мақсатында ашық есік күні өткізілді.
<https://www.facebook.com/share/p/14QiRvQE7XQ/?mibextid=wwXlfr>

Мақсаты: Үй жағдайында орындалатын қарапайым тапсырмаларды жасау арқылы оқушының ұсақ қол моторикасының белсенділігін дидактикалық ойындар арқылы дамыта отырып, қызығушылықтарын ояту, көріп қабылдауын, есте сақтауын, ойлауын дамыту, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Ата-анаға кеңес беру бағытында төмендегі жұмыстарды орындау ұсынылды. Мысалы: түймелерді қадау, бауларды байлау,  дөңдермен жұмыс, моншақты тізу, киімдерді жинау т.б.

Ата - аналар мамандармен өз ойларын бөлісіп, жақсы кеңестер алып, бірлескен жұмыстар нәтижелі болатынына сенім білдірді.



Семинардың мақсаты: Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін мамандарға, әрбір білім алушының ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып жеке әдіс-тәсілдерді пайдалануда озық педагогикалық тәжірибемен бөлісу және түзете-дамыту жұмыстарының сапасын арттыру. Педагогтерді оқыту мен оқудағы қолдануға болатын әдіс-тәсілдермен таныстырып, іс-тәжірибеделерде пайдалануға бағыттау.

Аталған семинар аясында түзету пән бірлестігі мүшелері «Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалармен жүргізілетін түрлі дамыту жаттығулары» тақырыбы бойынша баяндап, өз үлесін қосты.

30 қаңтар күні мектеп-интернатында «Ерекше білім мен тәрбиені қажет ететін балалардың өмірлік құзыреттіліктерін қалыптастыру» тақырыбында мектепшілік семинар өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/14QiRvQE7XQ/?mibextid=wwXlfr>

Меморандум аясындағы кезекті тәжірибе алмасу іс-шарасы

2023 жылдың 19 қаңтар күні Қызылорда облысының білім басқармасының «№7 арнайы түзету мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби дамыту институтымен Меморандум аясында бірлесе отырып жасалған 2022-2023 оқу жылына арналған жоспар бойынша мектеп-интернатта «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жаңартылған білім беру аясында оқу, түзете-дамыту үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында семинар-практикум өтті.

Мақсаты: Ерекше білім беру қажеттілігі – оқу-дамыту барысындағы сапалы білім алуға, баланың мүмкіндіктерімен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау.

Семинар барысында мектеп-интернат логопед маманы Даубаева Айнұр Омирхановна «Үй жануарлары» тақырыбында,



№7 мектеп интернатында 13.05.-17.05. аралығында Түзету пән бірлестігінің «**Бәрін білгім келеді**» тақырыбында апталықтың ашылуы болып, өтті. Осы іс-шараның мақсаты, мыналарды көздейді:

- 1) мектеп-интернаттың мұғалімдері арасында тәжірибе алмасу, сол сияқты тәрбиешілермен байланыс орнату;
- 2) бірлестік мүшелерінің балаларды оқытудағы жетістіктерін көрсету.

Апталық барысында:

Түзету пән мұғалімдері **13.05.2024 - 17.05.2024 ж.** аралығында үлгілі ашық сабақтар ұйымдастырды.

Апталықтың ашылуы барысында әріптестерді «Додекаэдр» әдісімен қарсы алып, психологиялық ахуал орнатылды. Апталықтың жалғасын арнайы педагог Айгүл Дәуітованың сыныптан тыс «Ойна да ойлан» зияткерлік эстафеталық ойындармен жалғасты.



Мақсаты: оқушылардың зерделігі мен ептілігін бақылай отырып, салауатты өмір салтын насихаттау. Оқушыларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету, білім-білік дағдыларын кеңейту.



14 мамыр күні логопед А. Дилдабаева 3 «Б» сынып оқушысымен құстар тақырыбында ашық сабақ өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/1aDcFwvruK/?mibextid=wwXifr>

Сабақтың мақсаты: «Р» дыбысының дұрыс артикуляциясын қалыптастыру. «Құстар» тақырыбы бойынша «Р» дыбысын буында, сөзде, сөйлемде машықтандыру. Фонематикалық естуін, ойлау, есте сақтау, ұсақ қол моторикасын байланыстырып, сөйлеуін дамыту. Сабақ барысында түрлі қызықты тапсырмаларды орындау арқылы оқушы «Р» дыбысын буында, сөзде, сөйлемде айтып, машықтанды. Жаңа технологиялық әдістерді қолданып, оқушының қызығушылығын арттыра білді.



14 мамыр күні логопед Сейітман Гүлназ 5 «А» сынып оқушысымен «Р» дыбысы мен әрпі тақырыбында ашық сабақ өтті.
<https://www.facebook.com/share/p/18CbVVWDz4/?mibextid=wwXIfr>

Сабақтың мақсаты: «Р» дыбысының дұрыс артикуляциясын қалыптастыру. «Р» дыбысын буындардың, сөздердің, сөйлемдердің ішінде айтылуын машықтандыру. Фонематикалық естуін, байланыстырып сөйлеуін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Сабақ барысында артикуляциялық жаттығулар мен тыныс алу жаттығулары жасалып, түрлі дидактикалық құралдармен, Интербелсенді тақтамен түрлі тапсырмалар беріліп, оқушы қызығушылықпен орындады.



15 мамыр күні логопед А. Даубаева 2 «А» сынып оқушысымен «Сиқырлы саяхат» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/1Dy7dCUzHE/?mibextid=wwXIfr>

Сабақтың мақсаты: «Л» дыбысының дұрыс артикуляциясын қалыптастыру. «Сиқырлы саяхат» тақырыбы бойынша «Л» дыбысын буында, сөзде, сөйлемде машықтандыру. Фонематикалық естуін, ойлау, есте сақтау, ұсақ қол моторикасын байланыстырып, сөйлеуін дамыту. Сабақ барысында түрлі қызықты тапсырмаларды орындау арқылы оқушы «Л» дыбысын буында, сөзде, сөйлемде айтып, машықтанды. Жаңа технологиялық әдістерді қолданып, оқушының қызығушылығын арттыра білді.



16 мамыр күні арнайы педагог Қырданова Салтанат 3 «А» сынып оқушысымен «Жемістер» тақырыбындар ашық сабақ өткізді.
<https://www.facebook.com/share/v/1HGpwZoQan/?mibextid=wwXIfr>

Сабақтың мақсаты: оқушыға жемістер туралы түсінік беру. Жемістердің түстері мен пішіндерін ажырату, дәмін анықтауға ерекшеліктерін ұғындыруға үйрету. Денсаулыққа пайдалабы туралы мағлұматтар беру, жемістердің атауыларын дұрыс атай біліуге және ажырата алуға баулу. Танымдық қабілеттерін, байланыстырып сөйлеуін, тіл дамыту және математикалық түсініктерін дамыту.



17 мамыр күні мектебіміздің арнайы педагогы Есім Инабат «Озық ойлы...» тақырыбында мұғалімдер арасында сайыс өткізді.
<https://www.facebook.com/share/v/1A6nZwcaDf/?mibextid=wwXIfr>

Сайыстың мақсаты: Оқушылармен қатар мұғалімдер арасында пікір алмасып, бой сергітіп, қызығушылық тудырып, жаңа технология түрлерімен таныстыру.

Curi pod. Whelf of names. Qr kod сынды түрлі жаңа бағдарламалармен жұмыс жасау.

Сайыс барысында мұғалімдеріміз жеке де, топпен де, топ басшыларымен де кезең-кезеңімен жарысқа түсті.

Сонымен қатар, шығармашылық жұмыспен айналысып, түрлі логикалық сұрақтарға жауап беріп, тәжірибе жасап өздерінің алғырлығын көрсетті.



Оқушыларымен жүргізілген жұмыстар

Бірінші жарты жылдың қорытындысы бойынша көрсетілген нәтиже:

I деңгейі (Алалия) диагнозы бар 41 оқушылары бойынша: Оқушылар артикуляциялық, демдік, дыбыстық жаттығуларды жасауды үйренуде. Балалардың білім деңгейін арттыру үшін олармен үнемі жұмыс жүргізу керек. Ұсақ моторикаға арналған жаттығуларды жасауды үйренуде. Берілген тапсырманы мұғалімнің көмегімен орындайды. Әр сабақта оқушыларға логомассаж жасалынады.

1 сынып оқушылары бойынша: Осы оқу жылында ЖТК I деңгей коммуникативтік бұзылыстары бар оқушылар қосылды, бізге келген кезде өмірлік және әлеуіметтік дағдылары қалыптаспаған. Сабақтан бұрын қарым қатынасқа, көзге тік қарауды, бір орында отыруға қалыптасты. Кәзіргі таңда оқушының байланыс қатысым түзелді, көзіне қарауды, сөздерді еліктеу арқылы кайталауды бастады, пазылдарды жинауды, бірлескен жұмыс түрлерін жасау (тапсырмаларды бірлесе орындау), көрсетілген суреттердің атын атау, үлгіге қарап түсті таңдауды, геометриялық пішіндерді (шар, текше) ажыратуды үйренді.

ЖТК I деңгей Дауна диагнозы бар оқушылар бойынша: Сабақ барысында оқушылармен жеке жұмыс жоспары бойынша сөйлеу тіл кемшілігін жою кезең - кезеңдерімен жүргізілді. Оқушылар артикуляциялық,

демдік, дыбыстық жаттығуларды жасауды үйренуде. Балалардың білім деңгейін арттыру үшін олармен үнемі жұмыс жүргізу керек. Ұсақ моторикаға арналған жаттығуларды жасауды үйренуде. Берілген тапсырманы мұғалімнің көмегімен орындайды. Оқушыларымен «Дене мүшелері», «Ойыншықтар», «Отбасы», «Үй жануарлары» тақырыбында жұмыстар жүргізілді.

II деңгейі диагнозы бар 17 оқушылары бойынша: Сюжетті картиналарда қойылатын қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету («Бұл кім?», «ол не?», «не істеп жатыр?»), «Кімнің?», «Кімдікі?» деген зат есімнің сұрақтарына жауап ретінде «менің», «менікі» есімдіктерін қолдануды, атаған іс-әрекетке заттық атау беруді үйрету («кім жүр?», «не жүр?») үйренді.

III деңгейі диагнозы бар 12 оқушылары бойынша: Барлық логопадтармен сөздегі бірінші дауыссыз дыбысты бөлу, жабық және ашық буындарды, сөздерді талдау, сөз қорын молайту бағытында заттың басты белгілері арқылы – «түсі, дәмі, көлемі», оны атауды, формасын, материалын анықтайтын сын есімдерді орналастыру, сын есімдерге қарама-қарсы мағыналы сөздерді, заттың сынын білдіретін сөздерді табу үйретілді.

2023–2024 оқу жылы бойынша тіл дамуы кемшіліктерін түзету жұмыстарының мониторингі

1. Дыбыс қою және машықтандыру нәтижелері

2023–2024 оқу жылы барысында логопедиялық түзету жұмыстары нәтижесінде бірқатар оқушыларға дыбыстар қойылып, оларды буында, сөзде және сөйлемде дұрыс қолдану дағдылары қалыптастырылды:

- 2«А»сынып:
Темірбек Кәусар – «Л» дыбысы қойылып, дұрыс айтуға машықтандырылды.
- 4«А»сынып:
Абзалқызы Назерке, Тасыбаева Даяна – «Ш» дыбысы қойылды, фонетико-фонематикалық есту қабілетін дамыту жұмыстары жүргізілді.
- 3«А»сынып:
Те Олег, Нұрмахан Инабат, Ковалчук Иван – «С», «Ш» дыбыстары қойылып, сөйлеуде қолдану машықтары қалыптасты.
- 5«А»сынып:
Оразгали Ибрагим, Жандулла Қанағат – «Р» дыбысы қойылып, сөйлеу барысында бекітілді.

Қорытынды:

Дыбыс қою және автоматтандыру жұмыстары тиімді жүргізіліп, оқушылардың артикуляциялық дағдылары мен фонематикалық есту қабілеті жақсарды.

2. Деңгейлік ілгерілеу нәтижелері

Тіл дамыту бағдарламасы бойынша оқушылардың даму деңгейінде оң өзгерістер байқалды:

- Серік Қайрымды (3 «Б») – I деңгейден II деңгейге ауыстырылды
- Нұрмахан Инабат (3 «А») – II деңгейден III деңгейге ауыстырылды
- Көптілеу Әли (4 «Б») – I деңгейден II деңгейге ауыстырылды

Қорытынды:

Оқушылардың сөйлеу тілінің дамуында айқын ілгерілеу бар, деңгейлік көрсеткіштері жоғарылаған. I деңгейден II деңгейге 2 оқушы ауыстырылды. II деңгейден III деңгейге 1 оқушы ауыстырылды

3. Логопедиялық топтан шығарылған оқушылар

- Ковальчук Иван (3 «А», ЖТК-III деңгей)

Қорытынды:

Оқушы түзету бағдарламасын толық меңгеріп, сөйлеу тіліндегі кемшіліктері жойылғандықтан логопедиялық топтан 1 оқушы шығарылды.

Жалпы қорытынды

2023–2024 оқу жылы бойынша жүргізілген түзету-дамыту жұмыстары нәтижесінде:

- Дыбыс қою және оны сөйлеуде қолдану дағдылары қалыптасты;
- Фонематикалық есту қабілеті дамыды;
- Деңгейлік өсу динамикасы байқалды;
- Жекелеген оқушылар толық нәтижеге жетіп, логопедиялық топтан шығарылды.


Жалпы алғанда, түзету жұмыстары тиімді және нәтижелі жүргізілген.

Ұсыныстар:

- Дыбысты автоматтандыру кезеңін күшейту;
- Фонематикалық естуді дамыту жаттығуларын жүйелі жалғастыру;
- Ата-анамен бірлескен жұмысты арттыру;
- Жеке түзету маршруттарын жетілдіру.

Түзету пән бірлестігінің сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) бар 70 оқушымен 2023-2024 оқу жылы түзету жұмыстарын жүргізу көрсеткіштеріне мониторинг нәтижелері

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы деңгейлері бойынша оқушылардың динамикасы



Деңгей/Кезендер	Қыркүйек	Желтоқсан	Мамыр
СТЖД I д	41 оқушы – 58 %	40 оқушы - 57 %	39 оқушы - 55 %
СТЖД II д	17 оқушы - 24 %	17 оқушы - 24 %	18 оқушы - 25 %
СТЖД III д	12 оқушы - 17 %	13 оқушы - 19 %	13 оқушы - 20 %

СТЖД I деңгейден 2 оқушы СТЖД II деңгейге ауысты
СТЖД II деңгейден 1 оқушы СТЖД III деңгейге ауысты
Түзету жұмыстары өз нәтижесін берген 1 оқушы логопедия тобынан шығарылды

Есепті жасаған: Мұғалім – логопед А. Даубаева

